

Туу туралы куәлікті қорғауға қойылатын талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 маусымдағы № 601 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 13 шілдедегі № 560 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 560 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған туу туралы куәлікті қорғауға қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 17 маусымдағы
№ 601 қаулысымен
бекітілген

Туу туралы куәлікті қорғауға қойылатын талаптар

1. Туу туралы куәлік бланкісінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленуге тиіс.

2. Туу туралы куәлік бланкісінде екіжақты мөр болады. Туу туралы куәлік бланкісі қазақтың оюлары, өрнектері қолданылып жасалған (ауданының кемінде 30 %-ы) жиекті рамкадан және тангерлік тордан тұрады.

3. Міндетті қорғаныш элементі ретінде биіктігі 250 мкм-ден аспайтын микрошрифт, сондай-ақ гильоштық элементтер пайдаланылады. Графикалық элементтерде сызықтықтан (штрихтік) басқа бейнелік құрылымдар болмайды.

4. Туу туралы куәлік бланкісі түпнұсқа сүтамғы белгісі, арнайы қорғаныш дақтары бар, ақтығы 94-96 %, құрамында мақта немесе зығыр талшығының мөлшері жоғары сапалы қағазда жасалады, тығыздығы - 100-120 г/м². Бейнелілігі

- мөрдiң әр жағында кем дегенде 4 бояу пайдаланылады. Бұл ретте температураның әсерiнен өзiнiң түсi мен қанықтығын өзгертпейтiн, түрлi түстi көшiрмелеуге кедергi келтiретiн пастельдi қоспалары бар бояулар пайдаланылуы қажет.

5. Туу туралы куәлiк бланкiсiнде қатты мұқаба және сыртында атауы жазылған бумвинилдi қаптама болуы, бiржақты мөрi бар жапсырылған қосымша парақ болуы тиiс.

6. Туу туралы куәлiк бланкiсiнде жетi мәндi нөмiр болады.